

Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ-де философия бойынша алғашқы докторлық (PhD) диссертациялар қорғалды

2026 жылғы 24 қаңтарда «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті» КеАҚ-да маңызды оқиға өтті, 8D02201 – «Философия» білім беру бағдарламасы бойынша жаңадан құрылған диссертациялық кеңесте алғашқы докторлық (PhD) диссертациялар қорғалды.

Диссертациялық кеңестің төрағасы - Карипбаев Байжол Искакович, философия ғылымдарының докторы, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің зерттеуші-профессоры.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы - Манасова Мира Манасқызы, философия докторы (PhD), академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің қауымдастырылған профессоры.

Диссертациялық кеңес отырыстары аясында екі докторанттың диссертациялары сәтті қорғалды:

Ахметова Индира Абдигазымовна «Қазақ даласы құндылықтарының жүйесіндегі еріктілік (философиялық-этикалық дискурс тәжірибесі)» тақырыбындағы диссертациясын;

Муканова Асель Конуспековна «Қазақстан жастарының этникалық және діни бірегейлігі (әлеуметтік-философиялық талдау тәжірибесі)» тақырыбындағы диссертациясын қорғады.

Ұсынылған зерттеулер жоғары өзектілігімен, теориялық тереңдігімен және ғылыми тұрғыдан жан-жақты әзірленуімен ерекшеленді. Жұмыстар отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің, ресми рецензенттердің және диссертациялық кеңес мүшелерінің оң пікірлеріне ие болды.

Жасырын дауыс беру қорытындысы бойынша бірауыздан қабылданған шешіммен екі ізденушіге де философия докторы (PhD) дәрежесі берілді.

Диссертациялық кеңес отырыстары аралас форматта (офлайн және онлайн) Қазақстан мен шетелдік университеттердің жетекші ғалымдарының қатысуымен өтті. Бұл ғылыми пікірталастың жоғары академиялық деңгейін және ашықтығын көрсетті.